

Мемлекеттік қызмет көрсету стандартын бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2008 жылғы 25 қыркүйектегі N 301 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2008 жылғы 31 қарашада N 1996 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2009 жылғы 8 желтоқсандағы N 384 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2009.12.08 N 384 Қаулысымен.

"Әкімшілік рәсімдер туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Мемлекеттік қызмет көрсетудің үлгі стандарттарын бекіту туралы" 2007 жылғы 30 маусымдағы N 558, "Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" 2007 жылғы 30 маусымдағы N 561 қаулыларын жүзеге асыру мақсатында Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **Қ А У Л Ы Е Т Е Д І** :

1. Мынадай мемлекеттік қызмет көрсету стандарты бекітілсін:

1) Кең тараған пайдалы қазбаларды барлау, өндіру немесе бірлесіп барлау, өндіру келісім шарттарын тіркеу (1-қосымша);

2) Кең тараған пайдалы қазбаларды барлау, өндіру немесе бірлесіп барлау, өндіру кепілдік келісім шарттарын тіркеу (2-қосымша).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары **М. Тұрмағамбетовке** жүктелсін.

3. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күннен кейін күшіне **енеді**.

Облыс әкімі

Н. Әшімов

Оңтүстік

Қазақстан

облысы

әкімдігінің

2008

жылғы

25

қыркүйектегі

N

301

1 қосымша

"Барлауға, өндіруге немесе бірлескен барлауға және жалпыға таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісім-шарттарды тіркеу" мемлекеттік қызметін көрсету стандарты

1. Жалпы ережелер

1. Барлауға, өндіруге немесе бірлескен барлауға және жалпыға таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісім-шарттарды тіркеу - б ұ л О ң т ү стік Қ а з а қ с т а н о б л ы с ы н ы ң ә к і м д і г і а т ы н а н у ә к і л е т т і о р г а н м е н ж е р қ о й н а у ы н п а й д а л а н у ш ы л а р а р а с ы н д а ж а с а л ғ а н к е л і с і м ш а р т т ы ң к ү ш і н е е н у і н і ң ө з г е д е н е ғ ұ р л ы м к е ш м е р з і м д е р і к е л і с і м - ш а р т т а а й т ы л м а с а , т і р к е л г е н к е з д е н б а с т а п к ү ш і н е е н у с ә т і б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. К ө р с е т і л е т і н м е м л е к е т т і к қ ы з м е т ф о р м а с ы – а в т о м а т т а н д ы р ы л м а ғ а н .

3. Барлауға, өндіруге немесе бірлескен барлауға және жалпыға таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісім-шарттарды тіркеу келесі нормативтік құқықтық актілері негізінде көрсетіледі:

1) 1996 жылғы 27 қаңтардағы " Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 44-бабы 3-тармағы ; 2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығын берудің тәртібін бекіту туралы" 2000 жылғы 21 қаңтардағы N 1 0 8 қ а у л ы с ы .

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің " Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы " 2007 жылғы 30 маусымдағы N 5 6 1 қ а у л ы с ы .

4. Берілген мемлекеттік қызмет Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы арқылы ұсынылады, мекен-жайы: Шымкент қаласы, Қазыбек би көшесі 5, Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының сайты: www.dppuko.kz.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсетудің аяқтау нысаны - барлауға, өндіруге немесе бірлескен барлауға және жалпыға таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісім-шарттарды тіркеу туралы сертификат беріледі.

6. Берілген мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларына, шет елдердің жеке және заңды тұлғаларына көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызметті көрсету кезіндегі уақыт бойынша шектелген м е р з і м д е р і :

1) тұтынушылардың қажетті құжаттарды тапсырған сәтінен бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 10 күн ішінде;

2) қажетті құжаттарды тапсыруда кезек күтуге жіберілетін максималды уақыт 30 минуттан аспауы тиіс (тіркелуде, талон алуда және т.б.)

3) мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі ретінде құжаттарды алудағы кезек күтуге жіберілетін максималды уақыт 30 минут.

8. Берілген мемлекеттік қызмет заңды және жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі.

9. Берілген мемлекеттік қызмет көрсету стандарты Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының фойесіндегі визуалды

ақпарат құралында орналасқан.

10. Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының жұмыс кестесі: құжаттар 303, 305 кабинеттерінде қабылданады, қабылдау күндері – күнделікті сағат 9-00 ден 19-00 ге дейін, түскі үзіліс сағат 13-00 ден 15-00 ге дейін. Демалыс күндері: сенбі және жексенбі. Қызметті алу үшін алдын ала жазылу және жедел қызмет көрсету көрсетілмейді.

11. Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының мемлекеттік қызмет көрсету бөлімінде берілген мемлекеттік қызметті ұсыну үшін келесі жағдай жасалған: бір жазу столы және екі орындық, ақпараттық қабырға қағазы орналасқан.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

12. Берілген мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушылар ұсынуы қажет:

- 1) барлауға, өндіруге немесе бірлескен барлауға және жалпыға таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісім-шарттарды тіркеу туралы өтініш;
- 2) қосымшалары бар келісім шарт.

13. Берілген мемлекеттік қызмет алу үшін бланкілер, өтініш үлгілері қ а р а с т ы р ы л м а ғ а н .

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін өтініш және басқа да құжаттар, тұтынушымен Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының мемлекеттік қызмет көрсету бөлімінің мамандарына жеке өзімен тапсырылады, 303,305 кабинеттері, 53-77-81, 53-51-75 телефондары.

15. Тұтынушыға барлық тиісті құжатты тапсырғаннан кейін, тұтынушымен мемлекеттік қызметті алғаны туралы мерзімі көрсетілген талон беріледі.

16. Келісім шарты тіркелгені жөніндегі сертификат тұтынушының жеке өзі Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының мемлекеттік қызмет көрсету бөлімінің 303, 305 кабинеттеріне келгенде ғана беріледі, мекен жайы: Шымкент қаласы, Қазыбек би көшесі, 5, 53-77-81 т е л е ф о н ы .

17. Заңды және жеке тұлғаларға мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тартуға н е г і з :

тиісті құжаттарды ұсынбау.

3. Жұмыс қағидаттары

18. Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының мемлекеттік қызмет көрсету бөлімінің мамандары тұтынушыға қатысты берілген мемлекеттік қызметтің төмендегі қағидаттарын басшылыққа алады:

- 1) сыпайылық, заңды және жеке тұлғалардың өтініштерін (арыздарын) қарау барысында бюрократизм мен созбалықтың болуына жол бермеу;

- 2) көрсетілген мемлекеттік қызмет туралы толық ақпарат ұсыну;
- 3) тұтынушы құжаттарының мазмұны туралы ақпараттарды сақталуын, қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету.

4. Жұмыс нәтижелері

19. Тұтынушыларға көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелері осы стандарттың қосымшасына сәйкес көрсеткіштердің сапасы және қол жетімділігі арқылы өлшенеді ("Сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні" кестесі).

20. Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының мемлекеттік қызмет көрсету бөлімінің жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтің сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәнін арнайы құрылған жұмыс тобымен жыл сайын бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

21. Бөлім мамандарының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының мемлекеттік қызмет көрсету бөлімінің бастығы 303 кабинетінде, 53-77-81 телефоны арқылы түсіндірме береді.

22. Шағым Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы бастығының атына беріледі, 304 кабинет, 53-48-66 телефоны.

23. Шағымды қабылдап алуды растайтын құжат Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының әкімшілік бөлімі арқылы берілетін арыздың орындалу мерзімі мен орындалуы туралы жауабын алатын орны көрсетілген талон болып табылады, арыздың қаралу барысы туралы 53-48-66 байланыс телефоны арқылы білуге болады.

6. Байланыс ақпараты

24. Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының байланыс мәліметтері: пошталық мекен-жай: 160050, Шымкент қаласы, Қазыбек би көшесі 5.

Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқарма бастығының телефоны: 54-77-77.

Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқарма бастығы орынбасарының телефоны: 53-50-58

Қабылдау бөлмесіндегі телефон (факс): 53-49-40, 53-59-5

Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының мемлекеттік қызмет көрсету бөлім бастығының телефоны: 53-77-81

Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының мемлекеттік қызмет көрсету бөлім мамандарының телефоны: 53-51-75.

Қабылдау кестесі:

Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының бастығы:

дүйсенбі, сағат 17-00 ден 18-00-ге дейін;
 Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы
 б а с т ы ғ ы н ы ң о р ы н б а с а р ы :

сейсенбі, сағат 17-00 ден 18-00-ге дейін.

Жоғары тұрған мекеменің байланыс деректері: Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі, Шымкент қаласы, Тәуке-хан даңғылы 6, телефон 53-74-43, ф а к с . 5 3 - 0 5 - 2 7 .

25. Қосымша ақпараттар алу үшін мемлекеттік қызмет көрсету бөлімінің бастығына хабарласуға болады. 303 кабинет, 53-77-81 телефоны арқылы.

" Барлауға, өндіруге немесе бірлескен барлауға және жалпыға таралған пайдалы қазбаларды өндіруге арналған келісім – шарттарын тіркеу" мемлекеттік қызметінің стандартына қосымша

Кесте. Сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және қолжетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштердің құқықтық мағынасы	Келесі жылдардағы көрсеткіштердің мақсатты мағынасы	Есепті жылдағы көрсеткіштердің ағымдағы мағынасы
1	2	3	4
1. Мезгілінде			
1.1. құжаттарды тапсырған сәтінен бастап белгіленген мерзім ішінде қызмет ұсынылған жағдай % (бөлшегі)	95 %	80 %	75 %
1.2. Қызметті алу үшін кезекте 40 минуттан аспайтын уақыт күткен тұтынушылар % (бөлшек)	90 %	50 %	40 %
2. Сапа			
2.1. қызметті ұсыну процесінің сапасына қанағаттанған тұтынушылар % (бөлшек)	90 %	70 %	60 %
2.2. лауазымды тұлғалар құжаттарының дұрыс рәсімделген жағдайы % (бөлшек)	95 %	85 %	75 %
3. Қолжетімділік			
3.1. қызметті ұсыну тәртібі туралы ақпаратпен және сапасымен қанағаттанған тұтынушылар % (бөлшек)	80 %	60 %	50 %
	80 %		30 %

3.2. тұтынушылардың құжатты дұрыс толтыру және бірінші сәттен өткізу жағдайы % (бөлшек)		45 %	
3.3. Интернет арқылы қол жетімділік туралы ақпарат қызметінің % (бөлшек)	50 %	40 %	30 %
4. Арыздану процесі			
4.1. берілген қызмет түрі бойынша қызмет көрсетілген тұтынушылар жалпы санына негізделген арыз % (бөлшек)	0,1 %	0,3 %	0,5 %
4.2. белгіленген мерзімге қаралып және қанағаттанған, негізделген арыз % (бөлшек)	95 %	70 %	60 %
4.3. орын алған арыздану тәртібіне қанағаттанған тұтынушылар % (бөлшек)	95 %	60 %	50 %
4.4. арыздану мерзіміне қанағаттанатын тұтынушылар % (бөлшек)	90 %	60 %	50 %
5. Сыпайылық			
5.1. қызметкердің сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылар % (бөлшек)	90 %	70 %	60 %

Көрсеткіштер Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері жөніндегі Агенттігі Төрағасының бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызмет стандарттарының көрсеткіштерін анықтау жөніндегі модельдік методикалық нұсқаулықтарға сәйкес келеді деп есептеледі. (сайт www.kyzmet.kz)

Оңтүстік Қазақстан облысы
 әкімдігінің 2008 жылғы
 25 қыркүйектегі N 301

2 қосымша

"Барлауға, өндіруге және бірлескен барлауға және жалпыға таралған пайдалы қазбаларды өндіруге кепілдік шартын тіркеу" мемлекеттік қызметін көрсету стандарты

1. Жалпы ережелер

1. Барлауға, өндіруге және бірлескен барлауға және жалпыға таралған пайдалы қазбаларды өндіруге кепілдік шартын тіркеу – бұл жер қойнауын пайдалану құқығына кепілдік беру.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет формасы – автоматтандырылмаған.

3. Барлауға, өндіруге және бірлескен барлауға және жалпыға таралған

пайдалы қазбаларды өндіруге кепілдік шартын тіркеу келесі нормативтік құқылық актілері негізінде көрсетіледі:

1) 1996 жылғы 27 қаңтардағы "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 8-бабының 6-тармағы және 14-бабы ;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің " Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы " 2007 жылғы 30 маусымдағы N 561 қаулысы .

4. Берілген мемлекеттік қызмет Оңтүстік Қазақстан облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы арқылы ұсынылады, мекен-жайы: Шымкент қаласы, Қазыбек би көшесі 5, Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының сайты: www.dpruko.kz.

5. Көрсетілген мемлекеттік қызметті көрсетудің аяқтау нысаны - барлауға, өндіруге және бірлескен барлауға және жалпыға таралған пайдалы қазбаларды өндіруге кепілдік шартын тіркеу туралы сертификат беріледі.

6. Берілген мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларына, шет елдердің жеке және заңды тұлғаларына көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызметті көрсетуде уақыт бойынша шектелген мерзімдері:

1) тұтынушылардың қажетті құжаттарды тапсырған сәтінен бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 7 күн.

2) қажетті құжаттарды тапсыруда кезек күтуге жіберілетін максималды уақыт 30 минуттан аспауы тиіс (тіркелуде, талон алуда және т.б.)

3) мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі ретінде құжаттарды алудағы кезек күтуге жіберілетін максималды уақыт 30 минут.

8. Берілген мемлекеттік қызмет заңды және жеке тұлғаларға тегін көрсетіледі.

9. Берілген мемлекеттік қызмет көрсету стандарты Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының фойесіндегі визуалды ақпарат құралында орналасқан.

10. Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының жұмыс кестесі: құжаттарды қабылдау 303, 305 кабинеттерінде, қабылдау күндері – күнделікті сағат 9-00 ден 19-00 ге дейін, түскі үзіліс сағат 13-00 ден 15-00 ге дейін. Демалыс күндері: сенбі және жексенбі.

Қызметті алу үшін алдын ала жазылу және жедел қызмет көрсету көрсетілмейді .

11. Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының мемлекеттік қызмет көрсету бөлімінде берілген мемлекеттік қызметті ұсыну үшін келесі жағдай жасалған: бір жазу столы және екі орындық, ақпараттық қабырға қағазы орналасқан.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

12. Берілген мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушылар ұсынуы қажет:

- 1) барлауға, өндіруге және бірлескен барлауға және жалпыға таралған пайдалы қазбаларды өндіруге кепілдік шартын тіркеу туралы өтініш;
- 2) жер қойнауын пайдалану құқығына кепілдік келісім шарты;
- 3) жер қойнауын пайдалану құқығын кепілдікке беру туралы уәкілетті органның келісімі.

13. Берілген мемлекеттік қызмет бойынша бланкілер қарастырылмаған.

14. Мемлекеттік қызметі алу үшін өтініш және басқа да құжаттар, тұтынушымен Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының мемлекеттік қызмет көрсету бөлімінің мамандарына жеке өзімен тапсырылады, мекен-жайы: Шымкент қаласы, Қазыбек би көшесі, 5, 303, 305 кабинеттері.

15. Тұтынушы тиісті барлық құжатты тапсырғаннан кейін, тұтынушымен мемлекеттік қызметті алғаны туралы мерзімі көрсетілген талон беріледі.

16. Барлауға, өндіруге және бірлескен барлауға және жалпыға таралған пайдалы қазбаларды өндіруге кепілдік шартын тіркеу туралы сертификат беру тұтынушылардың тікелей Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы, мемлекеттік қызмет көрсету бөлімінің 303, 305 кабинеттеріне келуі арқылы іске асырылады, мекен жайы: Шымкент қаласы, Қазыбек би көшесі, 5, 53-77-81, 53-51-75 телефондары.

17. Заңды және жеке тұлғаларға мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтату немесе мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тартуға негіз:

тиісті құжаттарды ұсынбау.

3. Жұмыс қағидаттары

18. Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы, мемлекеттік қызмет көрсету бөлімінің мамандары тұтынушыға қатысты берілген мемлекеттік қызметтің төмендегі қағидаттарын басшылыққа алады:

- 1) сыпайылық, заңды және жеке тұлғалардың өтініштерін (арыздарын) қарау барысында бюрократизм мен созбалықтың болуына жол бермеу;
- 2) көрсетілген мемлекеттік қызмет туралы толық ақпарат ұсыну;
- 3) тұтынушы құжаттарының мазмұны туралы ақпараттарды сақталуын, қорғалуын және құпиялылығын қамтамасыз ету.

4. Жұмыс нәтижелері

19. Тұтынушыларға көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелері осы стандарттың қосымшасына сәйкес көрсеткіштердің сапасы және қол жетімділігі арқылы өлшенеді ("Сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні" кестесі).

20. Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы мемлекеттік қызмет көрсету бөлімінің жұмысы бағаланатын мемлекеттік

қызметтің сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәнін арнайы құрылған жұмыс тобымен жыл сайын бекітіледі.

5. Шағымдану тәртібі

21. Бөлім мамандарының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының мемлекеттік қызмет көрсету бөлімінің бастығы 303 кабинетінде, 53-77-81 телефоны арқылы түсіндірме береді.

22. Шағым Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы бастығының атына беріледі, 304 кабинет, 53-48-66 телефоны.

23. Шағымды қабылдап алуды растайтын құжат Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының әкімшілік бөлімі арқылы берілетін арыздың орындалу мерзімі мен орындалуы туралы жауабын алатын орны көрсетілген талон болып табылады, арыздың қаралу барысы туралы 53-48-66 байланыс телефоны арқылы білуге болады.

6. Байланыс ақпараты

24. Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының байланыс көрсеткіштері: пошталық мекен-жай: 160050, Шымкент қаласы, Қ а з ы б е к б и к ө ш е с і 5 .

Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы бастығының телефоны: 54-77-77.

Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқарма бастығы орынбасарының телефоны: 53-50-58.

Қабылдау бөлмесіндегі телефон (факс): 53-49-40, 53-59-52

Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының мемлекеттік қызмет көрсету бөлімі бастығының телефоны: 53-77-81.

Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының мемлекеттік қызмет көрсету бөлім мамандарының телефоны: 53-51-75.

Қ а б ы л д а у к е с т е с і :

Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының б а с т ы ғ ы :

дүйсенбі сағат 17-00 ден 18-00 дейін;

Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы б а с т ы ғ ы н ы ң о р ы н б а с а р ы :

сейсенбі сағат 17-00 ден 18-00 дейін.

Жоғары тұрған мекеменің байланыс көрсеткіштері: Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігі, Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы 6, телефоны 53-74-43, ф а к с . 5 3 - 0 5 - 2 7 .

25. Қосымша ақпараттар үшін мемлекеттік қызмет көрсету бөлімінің бастығына хабарласуға болады. 303 кабинет, 53-77-81 телефоны арқылы.

" Барлауға, өндіруге және бірлескен барлауға және жалпыға таралған пайдалы қазбаларды өндіруге кепілдік шартын тіркеу" мемлекеттік қызметінің стандартына қосымша

Кесте. Сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні

Сапа және қолжетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштердің құқықтық мағынасы	Келесі жылдардағы көрсеткіштердің мақсатты мағынасы	Есепті жылдағы көрсеткіштердің ағымдағы мағынасы
1	2	3	4
1. Мезгілінде			
1.1. құжаттарды тапсырған сәтінен бастап белгіленген мерзім ішінде қызмет ұсынылған жағдай % (бөлшегі)	95 %	80 %	75 %
1.2. Қызметті алу үшін кезекте 30 минуттан аспайтын уақыт күткен тұтынушылар % (бөлшек)	90 %	50 %	40 %
2. Сапа			
2.1. қызметті ұсыну процесінің сапасына қанағаттанған тұтынушылар % (бөлшек)	90 %	70 %	60 %
2.2. лауазымды тұлғалар құжаттарының дұрыс рәсімделген жағдайы % (бөлшек)	95 %	85 %	75 %
3. Қолжетімділік			
3.1. қызметті ұсыну тәртібі туралы ақпаратпен және сапасымен қанағаттанған тұтынушылар % (бөлшек)	80 %	60 %	50 %
3.2. тұтынушылардың құжатты дұрыс толтыру және бірінші сәттен өткізу жағдайы % (бөлшек)	80 %	45 %	30 %
3.3. Интернет арқылы қол жетімділік туралы ақпарат қызметінің % (бөлшек)	50 %	40 %	30 %
4. Арыздану процесі			
4.1. берілген қызмет түрі бойынша қызмет көрсетілген тұтынушылар жалпы санына негізделген арыз % (бөлшек)	0,1 %	0,3 %	0,5 %
	95 %		60 %

4.2. белгіленген мерзімге қаралып және қанағаттанған, негізделген арыз % (бөлшек)		70 %	
4.3. орын алған арыздану тәртібіне қанағаттанған тұтынушылар % (бөлшек)	95 %	60 %	50 %
4.4. арыздану мерзіміне қанағаттанатын тұтынушылар % (бөлшек)	90 %	60 %	50 %
5. Сыпайылық			
5.1. қызметкердің сыпайылығына қанағаттанған тұтынушылар % (бөлшек)	90 %	70 %	60 %

Көрсеткіштер Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері жөніндегі Агенттігі Төрағасының бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызмет стандарттарының көрсеткіштерін анықтау жөніндегі модельдік методикалық нұсқаулықтарға сәйкес келеді деп есептеледі. (сайт www.kyzmet.kz)